

**Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың жеке құжаттарын Қазақстан Республикасынан шетелге әкету, жіберу және алдырту тәртібі туралы уақытша ережені бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 24 наурыз 1993 ж. N 229

Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың жеке құжаттарын шетелге әкету, жіберу және алдырту тәртібін реттейтін заң қабылданғанға дейін азаматтардың жеке құжаттарын шетелге әкету, жіберу және алдырту хұқығын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың жеке құжаттарын Қазақстан Республикасынан шетелге әкету, жіберу және алдырту Тәртібі туралы Уақытша ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Әділет министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Бас архив басқармасы басқа да мүдделі ведомстволармен бірге ведомстволық актілер мен нұсқауларды бекітілген Уақытша ережеге сәйкестендірсін.

2. Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың жеке құжаттарын шетелге әкетуге, жіберуге және алдыртуға байланысты шектеулер Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің шеңберінде әкетілетін, жөнелтілетін, алдырылатын құжаттарға қолданылмайды.

Қазақстан Республикасының аумағында тұратын бұрынғы КСР Одағының азаматтары Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше басқа мемлекеттің аумағына тұрақты тұруға қоныс аударған кезде өздерінің әскери билеттерін кедергісіз алып кете алады.

Ескерту. 2-тармақтың 2 абзацынан сөздер алынып тасталды - ҚРМК-нің 1995.07.27. N 1028 қаулысымен.

3. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының аумағында тұратын азаматтар жеке құжаттарын алдырту мәселелері жөнінен Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мекемелеріне соқпай, құзырына осы мәселелер берілген мекемелер мен ұйымдарға тікелей бара алады.

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1993 жылғы 24 наурыздағы  
N 229 қаулысымен  
Бекітілген

Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың жеке құжаттарын Қазақстан Республикасынан шетелге әкету, жіберу және алдырту тәртібі туралы  
Уақытша ереже

1. Қазақстан Республикасынан шетелге бара жатқан азаматтардың, шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың жеке құжаттарын әкету және жіберу хұқығы

Қазақстан Республикасынан шетелге бара жатқан Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар өз қолдарындағы азаматтық ахуал актілерін тіркеу, білімі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы және біліктілігін арттыруы, көлігі және басқа да техникалық құралдарының тіркелуі және оларды басқару хұқығы, еңбек стажы әскери қызметін өтеу (әскери билеттің түпнұсқасы мен көшірмесін есептегенде), Ұлы Отан соғысына қатысуы, жаралануы және емделуі, наградалары, зейнетақысы, мұрагерлігі туралы құжаттардың түпнұсқалары мен мемлекеттік нотариалдық кеңселерде куәландырған көшірмелерін және азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдардың хұқығы мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге байланысты басқа да құжаттарды өзімен бірге әкетеді немесе халықаралық почта арқылы жөнелте алады.

Ескерту. 1-тармақтан сөздер алынып тасталды - ҚРМК-нің  
1995.07.27. N 1028 қаулысымен.

2. Өзге құжаттарды әкету және жіберу

Сенімхаттарды қоса есептегенде, ақша қаражаттарын, валюталық құндылықтарды және басқа мүліктерді пайдалану құжаттары шетелге Қазақстан Республикасының заңдарында көрсетілген тәртіп бойынша әкетіледі немесе жіберіледі.

Қазақстан Республикасы аумағында жұмыс істейтін қоғамдық бірлестіктердің

мүшелік билеттерін шетелге әкету мен жіберу тәртібін осы бірлестіктердің өздері белгілейді.

### 3. Шетелге әкетуге және жіберуге болмайтын жеке құжаттар

Әскери билеттердің және қызмет куәліктерінің түпнұсқалары мен көшірмелерін әкетуге және жіберуге болмайды.

Шетелге тұрғылықты тұруға шыққан жағдайда аталған құжаттар соңғы жұмыс істеген (қызмет еткен) немесе шетелге шығатын азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдарды тіркеу жөніндегі тиісті ұйымдарға немесе мекемелерге тапсырылады. Әскери билеттердегі және басқа да тиісті құжаттардағы мәліметтер негізінде мүдделі адамдардың өтініші бойынша әскери қызметін өтеуі туралы белгіленген үлгідегі анықтамалар ресімделеді.

Ескерту.3-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚРМҚ-нің 1995.07.27. N 1028 қаулысымен.

### 4. Жеке құжаттарды алдырту

Шетелде жүрген Қазақстан Республикасының азаматтары шетел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасынан шетелге әкетуге және жіберуге рұқсат етілген жеке құжаттарды алдыртуды Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелері арқылы жүзеге асырады.

### 5. Жеке құжаттардың нақтылығын айқындау және куәландыру (ресмилендіру)

Шетелге почта арқылы әкетуге немесе жіберуге арналған

жеке құжаттардың түпнұсқалары немесе мемлекеттік нотариалдық кеңселерде куәландырған көшірмелері Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінде ресмилендіріледі (мұндай ресмилендіруді қажет ететін елдер үшін).

### 6. Жеке құжаттарды алдырту және ресмилендіру тәртібі

Жеке құжаттарды алдырту мен ресмилендіру тәртібін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі және Әділет министрлігі басқа да мүдделі министрліктермен, ведомстволармен келісу арқылы

бекітеді.

7. Құжаттарды әкетуге, жіберуге тыйым салуға  
немесе алдыртудан бас тартуға шағым жасау

Жеке құжаттарды әкетуге, почта арқылы жіберуге тыйым салуға немесе алдыртудан бас тартуға заңда белгіленген тәртіппен жоғары лауазымды адамға, немесе сотқа шағым жасауға болады.

8. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары

Егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартында осы Ережедегіден өзгеше тәртіп белгіленген болса, онда халықаралық шарттың тәртібі қолданылады.